

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

МҒТАР 81'243

Г.Қ. Бекқожанова¹, А.Е. Саденова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050038, Қазақстан Республикасы

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯДА ГРЕК, ЛАТЫН СӨЗДЕРІНЕН ҚАЛЫПТАСҚАН ОРТАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Мақалада лингвистикалық терминологияда грек, латын сөздерінен қалыптасқан ортақ халықаралық терминдер туралы сөз болады. Халықаралық терминдердің ғылыми мәтіндерде көркемдеуіш құралдар ретінде де атқаратын қызметіне қатысты мәселелері қарастырылады. Белгілі бір терминнің халықаралық атауымен бірге өз төл баламамызды қатар қолдану тілге ерекше айшықтау мен көркемдік беру мәселелері сөз болады. Белгілі бір терминдік тіркесті ғана емес, оның халықаралық тұрғыдағы элементтерін пайдалана отырып, терминологиялық тіркестерді қолдану да ғылым тілін түрлендіретін. мәселесіне және оның компоненттеріне назар аударылады. Мақалада қазақ және ағылшын тілдерінің грек, латын терминдік элементтерін салғастырмалы талдау арқылы екі тілді зерттеуде тарихи, морфологиялық, сөзжасамдық деңгейлер қамтылды.

Кілт сөздер: лингвистикалық терминология, терминжасам, халықаралық терминдер, кірсе терминдер, терминдік элементтер.

КІРІСПЕ

Ғасырлар тоғысы ғылымның, білім мен техниканың дамыған тұсы. Тіл білімінің дамыған тұсында ғылымның жаңа салаларының да өз алдына, пән болып бөліне бастағаны мәлім. Соңғы кезде ғылымның жаңа салалары дамыған сайын, олардың аясындағы терминдер саны ұлғаяры сөзсіз және терминдер қатары грек, латын т.б. тілдер лексикасының терминдері мен терминдік элементтері, модельдері негізінде қалануда. Халықаралық терминдердің тіл білімі саласында алатын орны әрқашан ерекше.

Қазақ тілі тілдердің типологиялық топтастырылуы бойынша агглютинативті, жалғамалы тілге, ағылшын тілі флективті, копармалы тілдерге жататыны белгілі. Хенри Суит флективті тілдерді аналитикалық тілдер қатарына жатқыза отырып, олардың құрамында агглютинативті тілдердің белгісі де болатынын көрсеткен. Яғни, типологиялық топтасу бойынша әр топқа жатқызылғанымен ағылшын, қазақ тілдерінің морфологиясында жалғаулар болып ортақ тілдік белгілер болып саналады.

Ғылым мен техника дамыған қазіргі кезеңде тілдің терминологиялық қабатын салыстыра, салғастыра зерттеудің маңызы зор. Тіл терминологиясын салыстыра зерттеу арқылы тілдегі терминдер саны мен сапасын анықтау ғылым терминологиясының дамуына себепкер бола алады. Сондықтан біз қарастырып отырған тіл білімінің терминологиялық лексикасы қазақ тілінің лингвистикалық терминдерінің морфологиялық, лексикосемантикалық типтерін, терминжасам қағидалары мен шарттарын анықтауға, жүйелеуге көмегін тигізеді.

Терминология салаларына тән қажеттіліктердің бірі – ғылым салаларын ішкі жүйеге сай ретке келтіру, яғни жекелеген терминологиялық өрістегі қолданылатын терминдер терминолог-мамандар тарапынан жүйеленіп бірізге салып отыруды қажет етеді. Тіл біліміндегі

терминдерді жүйелеп берудің кең тараған тәсілі – сөздік екендігін жоғарыда айтып өттік. Сөздіктер құрамында терминологиялық жүйедегі терминдер жан-жақты қамтылады. Лингвистикалық терминдер әдетте терминологиялық аударма сөздіктер мен түсіндірме терминологиялық анықтағыш сөздіктер арқылы беріліп жүр. Белгілі бір лингвистикалық терминнің табиғатын түсіну үшін, оның түсіндірме сөздіктердегі анықтамасы маңызы рөл атқарады.

Қандай да бір терминологияны сөздіктер мен зерттеу еңбектерінде топтастыру өте ауқымды, әрі көп уақыт алатын күрделі процесс екендігі белгілі. Осындай процесті игеру үшін, терминолог-лексикографтар тарапынан қажырлы еңбек мен әртүрлі деңгейдегі жүйелі жұмыстар керек. Қазақ терминологиясы қазіргі кезде жүйелену процесі үстінде.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кірме терминдер енген тілге бір ғана ғылым саласы бойынша ғана емес, бірнеше ғылым саласында өріс алуы кездейсоқ емес. Бір ғана кірме терминнің бірнеше мағынасы болады, яғни көп мағыналы кірме терминдер әртүрлі ғылым салаларында кездеседі. Кірме терминдердің жіктелімін екі тұрғыда қарастыру жөн:

- 1) семантикалық (мағыналық) тұрғыдан
- 2) структуралық (құрылымдық) тұрғысынан [1, 12]

1. Семантикалық тұрғыдан кірме терминдерді: а) **бір мағыналы кірме терминдер**, мысалы: *антоним, барбаризм, клише* т.б. Кірме терминдер лингвистикада бір мағынада қолданылады, көптеген кірме терминдер лингвистика саласында екі немесе одан да көп мағыналарда қолданылады; ә) **көп мағыналы кірме терминдер** қатарында бірнеше ғылым салаларында кездесетін терминдер де жиі кездеседі, мысалы: *артикуляция, вербализация, германистика, инверсия* т.б.

2. Кірме терминдер құрылымдық сипатта терминдік элементтеріне қарай сараланады:

а) **бір түбірлі халықаралық кірме терминдер**, мыс: *акут, этимон, фонема, текст, субъект* т.б.

ә) **аффиксалды терминдер** немесе **туынды халықаралық кірме терминдер** *ассимиляция, грамматика, инфлексия, публицистика, классификация* т.б терминдерінде префикстер мен суффикстер жалғануы арқылы туынды мағыналарға ие.

Қазақ-ағылшын лингвистикалық терминдерін саралай келе әлі де болса грек-латын тілдері негізінде неогрецизмдер, неолатинизмдермен бірге басқа да тілдерден кірме терминдердің қалыптасып жатқанын және, керісінше, өз тілдік қорымыздан да алынған лингвистикалық терминдер қатары өсіп жатқанын байқаймыз.

б) **күрделі құрылымдағы кірме терминдер**, екі немесе одан көп түбірлердің бірігуі арқылы жасалған кірме терминдер: *антропонимика* (грек. *anthropos*-адам және *онума*-есім) – есімдерді зерттейтін ономастиканың бөлігі; *типология* (грек. *typos*-таңба, үлгі және *logos*-сөз, ілім) –тілдерді салыстыра зерттейтін лингвистиканың бір саласы т.б. Күрделі немесе қос сөздерден жасалған мұндай терминдер қатарын лингвистика саласынан көптеп кездестіруге болады. Күрделі терминдерді сөз таптарына қарай жіктей аламыз. Құрылымына қарай күрделі терминдер екі зат есімдердің, сын есім мен зат есімнің немесе басқа да сөз таптарының бірігуі арқылы жасалады.

Қазақ тілінің сөздік қоры қазіргі кезде нормалану, стандарттау кезеңінде. Сөздік қорымызды, әсіресе терминологиялық жүйемізді әр сала бойынша семантикалық, сөзжасамдық, этимологиялық, энциклопедиялық, логикалық, синтаксистік және т.б. қасиеттерін сипаттайтын әртүрлі оқулықтар мен сөздіктердің қажеттігі артуда.

Ш.Құрманбайұлы терминдік белгілерді зерттеу жұмысында: «Термин құрамы жағынан түбір сөз де, туынды сөз де, күрделі сөз де, терминологиялық тіркес те болуы мүмкін. Туынды терминдер әдетте сөз тудырушы аффикстер арқылы жасалады. Терминдердегі сөз тудырушы бөлшектер *терминэлементтер* деп аталады. Терминбөлшек (терминэлемент) дегеніміз- терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік» деп анықтама береді [2, 7-8].

Тек терминдер ғана емес, тілден-тілге ауысу кезінде терминдік элементтер де белгілі бір өзгерістерге (графикалық, грамматикалық, семантикалық, функциялық т.б.) ұшырау арқылы өріс табады. Терминдік элементтердің терминдерден айырмашылығы бар. Терминдер белгілі бір ғылыми тұжырым, ұғым береді немесе белгілі бір ғылыми ұғымның атауы десек, терминдік элемент терминге түсінік беретін функцияны атқарады. Реформатский А.А. «Терминоэлементы – это значащие части терминов, обусловленные признаками выражаемого термином понятия» деп нақты тұжырым береді [3, 7]. Яғни, терминдік элемент өзі жеке тұрған кезде ешқандай терминдік мағына бермейді, терминге қосымша қызмет атқарады. Бірақ терминдік элементтерді тіл біліміндегі аффикс, суффикс, префикс ұғымдарынан айырмашылығы жоқ деп қарауға да болмайды.

Қазақ тілінде өнімді терминжасамдық аффикстерге суффикстер жатады. ҚТЛ терминжасамында суффикстер саны - 24. АТЛ терминдерінде суффикстермен қатар префикстер де өнімді қызмет атқарады және лингвистика терминдерінде терминжасамдық префикстер мен жартылай префикстер саны суффикстерге қарағанда басым болып келеді.

Терминологияда кездесетін аффикстерді *терминдік элементтер* деп атаймыз. Терминдік элементтердің жекелеген сөздіктері де әлдеқашан жарық көрген болатын.

Исакова С.С. «терминдік элемент дегеніміз-сөз тіркесі, сөз, морфемалық комплекс, морфема және оның құрамдас бөлігі, символ», - деп анықтама бере келе. оның үш түрлі қасиетін атайды:

1. Терминдерде кездесетін өзінің белгілі бір формасы бар құрамдас бөлік;
2. Белгілі бір ғылым саласына тән әрдайым бір немесе бірнеше жақын мағыналарды беруге қолданылады;
3. Екі немесе одан көп терминдерде кездеседі және алдыңғы айтылған қасиеттерге ие болады [4, 14].

Терминдік элементтердің формалары ғана емес мағынасын да анықтамалар арқылы беруге болады. Мысалы: *-ia* (ағ.) –*ия* (қаз.) терминдік элементі субстанцияға белгілі бір жағдайлық мағына береді: *-sis* - *-сис* ономазиологиялық базистің субстантивті процестік категориясын білдіруге арналған сөзжасамдық аффикстің қызметін атқарады. Терминдік элементтерді мағынасы жағынан бірнеше топқа бөлуге болады:

1. Белгілі бір ғылым саласындағы белгілер мен ұғымдарды білдіретін терминдік элементтер;
2. Белгілі бір саладағы негізгі мағынаны ажыратуға қолданылатын терминдік элементтер;
3. Аралас терминдік жүйеге қатысушы терминдік элементтер;
4. Жалпы ғылыми терминдік элементтер, жалпы ғылыми мағына беруші, барлық ғылым салаларына ортақ терминдік элементтер;
5. Терминдік жүйеде кең таралған, әр ғылым саласында әртүрлі мағына білдіретін көп мағыналы терминдік элементтер.

Морфологиялық тәсілде терминдік элементтердің көмегімен жасалған терминдер ағылшын тілінде де, қазақ тілі терминжасамында көптеп табылады. Бұлардың ортақ құбылыстар ретінде берілу жолдары калькалау тәсілімен енген кірме терминдер негізінде қалыптасқан. Н.Васильеваның зерттеу еңбегінде терминжасамның төрт түрлі жолы аталғандығын жоғарыда айтып өткенбіз [4, 21].

Осы тұрғыда терминжасамда терминдік элементтердің көп бөлігін грек-латын терминдік элементтері алатынын атап өткенді жөн санаймыз. Мысалы: *a-* (Gr), *bi-* (Gr), *co-/com-/col-* (L), *de-* (L), *eu-* (Gr), *intra-* (L), *inter-* (L), *-ance* (L), *-ation* (L), *-ity* (L) т.б.

Кейбір жағдайда үлгі бойынша берілген терминдердің лексика-семантикалық құрылымы жағынан ұтымды болуы басқа терминдер тізбегін түзеді. Мұндай жүйелерде грек, латын т.б. тілдерден енген көптеген элементтерді (морфологиялық, синтетикалық, қосымша, жалғау) кездестіруге болады. Осындай элементтерді салыстыру арқылы терминнің этимологиялық негізін анықтай аламыз. Белгілі бір модельмен жасалған терминдер тізбегі терминдер жүйесін топтастыруға, белгілі бір систематикалық жүйеге түсіруге септігін

тигізеді. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі терминдерді салыстыра келе, терминдер жасау модельдерінің бірнеше үлгілерін атауға болады:

- 1) префикстік модельдер;
- 2) аффикстік модельдер;
- 3) калька және аралас калька түрінде берілген модельдер.

Предлогтер синтаксистік категория, олардың спецификасын сөйлемдердегі ерекше сөз тіркестерінен іздеуді ұсына отырып, олардың зат есімдік, толықтауыштық және анықтауыштық үш түрін атайды.

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі грек-латын префикстері көмегімен алынған терминдердің ішінен көп кездесетін өнімді префикстер мыналар:

Грек тілі негізіндегі префикстер: *an-, anti-, -cata, -auto-, eu-, hetero-, hype-, hypo-, macro-, meta, micro-, para-, poly-, pseudo-, syn-* т.б. Мысалы: *ablative-аблатив, antonym-антоним, category-категория, autonym-автоним, hypertesis-гипертеза, macrophoneme-макрофонема, polysemy-полисемия, pseudonym- псевдоним* т.б.

Латын тілі негізіндегі префикстер: *ab-, ad-, com-, de-, inter-, mono-, sub-, trans-* т.б. Мысалы: *abbreviation-аббревиация, communication-коммуникация, interference-интерференция, transcript-транскрипт* т.б.

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі терминдерде кездесетін өнімді аффикстер көп емес: *-ia-ия (aphemia-афемия), -asis-азис (hypostasis- гипостазис), -ism-изм (behaviorism- бихевиоризм)* т.б. Бұл аффикстер грек тілінің негізінде жасалған.

Сонымен қатар ағылшын тілі терминдеріндегі: *de-(L)- delibialization; en-(Gr) – enantiosemic; ill- (L)- illeism; ir-(L/Gr)- irregular;*

Irrelevant; mal- (F)- malapropism; non- (L)- non-semantic; occ- (L)- occlusive; supra- (L)- supradialectal; un-(L)- unemotional префикстері ағылшын тілі терминдерінде өнімсіз болуымен бірге қазақ тілі терминдерінде кездеспейді (қосымша Ә).

Ағылшын тілі сөзжасамында префикстердің *жартылай префикс* деп аталатын түрлерінің префикстерден айырмашылығы, жартылай префикстердің беретін белгілі бір мағыналарына байланысты. Мысалы: *anti- (Gr)- antonym*, жартылай префиксі қарама-қарсы мағынаны білдіреді және терминдік антонимдер жасауда өнімді қызмет атқарады. Салғастыру нәтижесінде, ағылшын тілінде өнімді терминжасамдық жартылай префикстер қазақ тілі терминдерінде өнімді екендігін байқадық. Өнімді полупрефикстер: *dia- (Gr) diaphone- диахрония; hyper- (Gr) hyperthesis- гипертоним, hyperbole- гиперболо; meta-(Gr) metaphor, метатіл* т.б. Ал, *bi-(L)- bilingual –билингвизм; extra-(L)- extralinguistics -экстралингвистика* т.б. жартылай префикстер екі тіл терминологиясында өнімсіз терминдік белгілер. Жалпы алғанда өнімді, өнімсіз жартылай префикстер саны – 22 (қосымша Ә).

Жартылай префикстердің кейбір түрлері қазақ тілінде мүлде кездеспейтіндігі байқалды: *half- (Gr) -half-gerund, half-voiced; over (Eng)- overcorrectness, overlong; off-(Gr)- off-glide; retro- (Gr)- retroflex*, барлығы-13 полупрефикс анықталды (қосымша Ә).

Калька, аралас калькамен берілген терминдер жиі кездеседі: *transcription-транскрипция, modal verbs- модальдық етістіктер, synchronic description- синхрондық сипаттама* т.б.

Қорыта келе, лингвистика терминологиясындағы қазақ, ағылшын тілдеріндегі ортақ тілдік құбылыстарға халықаралық терминдер мен олардың сөзжасамдық ішкі белгілерін: сөзжасам принциптері мен сөзжасамдық элементтерді, терминдер мен сөз тудырушы жалғауларды: аффикстерді, суффикстер мен префикстерді жатқызамыз. Екі тілдегі ортақ терминдік белгілер, әсіресе грек, латын тілдерінің сөз тудырушы жалғаулары мен префикстерін топтастыру арқылы терминологиядағы жүйені қалыптастыруға көмегі бары анықталды. Қазақ тіл білімінде халықаралық терминдер мен калька тәсілі арқылы берілген терминдер 49,8% шамасын құрауы олардың құрамындағы терминдік белгілердің де калька тәсілімен берілуіне себеп болды.

Сондай-ақ ағылшын және қазақ тілдеріне ортақ терминдік символдарды ортақ тілдік құбылыстар қатарынан көре аламыз. Терминдік символдардың белгілі бір тұжырымдардың

қорытындысын, жіктелімін нақты әрі қысқа түрмен беруде ролі зор. Әрі оқырманға да түсінікті нақты мәлімет алуға көмек береді. Ғалымдар тіл білімде статистикалық мағлұматтар беруде соңғы кезде терминдік символдарды жиі қолданады.

Әр тілдің өз сөздік қоры бар және бұл сөздік қор шетелдік кірме сөздерімен байытылады. Қарым-қатынас құралы ретінде адамдар қоғам бір-бірімен сөйлесу үшін тілді қолданады. Тілді қолдануда көптеген елдердің өз тілі болғанымен, олар басқалардан өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, Индонезия мен Англия қоғамында адамдар ағылшын тілінде сөйлеседі. Тіл арқылы басқа елдердің араласуы кірме сөздері қолданысында жаңа проблеманы тудырады [10]. Осы бағытта, Айсұлтанова Қ.Ә. пайымдауы бойынша, халықаралық терминдер «халықаралық танымдық» сапасына ие болуы шарт, ал ұлттық тіл негізінде қалыптасқан терминдердің ішкі формалары сол ұлт тілінде түсінікті болуы керек. Сондай жағдайда терминологиялық ұғымдар белгілі бір тілде ғылыми-техникалық қордың халықаралық тұрғыда қалыптасуына және өз тіліндегі терминдердің қалыптасу тепе-теңдігін (тенденциясын) сақтайды [3, 96].

Тұңғыш тіл терминдері сөздіктерінің бірін 1755ж. доктор Самуэль Джонсон жасаған [6, 268]. Бұдан кейін де түрлі-түрлі терминдік сөздіктер жасалып келді. Интернационалдық терминдерді ағылшын тілінің тілдік терминдері негізінде қарастыру себептеріміздің бірі де міне осында. Терминдік элементтердің басым бөлігі де осы тіл арқылы бүкіл әлемдік тілдерге таралып кетті.

Соңғы жылдары терминдердің лексика-семантикалық құрылымын зерттеу еңбектерінде терминдердің *уәжденген*, *уәжденбеген* терминдерімен қоса терминдердің *бағытталған*, *бағытталмаған* сипаттары да қарастырыла бастады.

Осы бағытта халықаралық терминдерді бірнеше түрде қарастыруға болады. Халықаралық терминдер бірнеше топтан тұрады, негізінен: жалпы қолданыстағы халықаралық терминдер (саяси-қоғамдық, мәдениет, ғылыми-техникалық) және арнайы қолданыстағы, яғни арнайы ғылым саласындағы халықаралық терминдер. Жасалуы жағынан халықаралық терминдерді 3 топқа бөлуге болады:

1) белгілі бір ұлттық тіл негізінде жасалған хт-дер. Мысалы: *ablaut-аблаут* (нем.), *argot-арго* (фран.), *behaviourism-бихевиоризм* (ағыл.), *graffiti-графитти* (итал.), *glide-глайд* (ағыл.), *descriptive-дескриптив* (ағыл.), *discourse-дискурс* (фран.) *argot- арго* (фран.), *calque-калька* (фран.), *cliché-клише* (фран.), *parcelle-парцелляция* (фран.), *stamp- штамп* (итал.). Бұған қоса екі тілде де тілдік топтардың атауларын да халықаралық терминдер қатарына жатқызуға болады: мысалы: *түркі тілдері- Turkic languages*, *герман тілдері-Germanic languages*, т.б.

2. Грек-латын морфемалары негізінде жасалған хт-дер: *semantization-семантизация*. Грек-латын терминдерінің өз отанының бар болуы, яғни олардың этимологиясын анықтай алуымыз бұл терминдерге ерекше қасиет береді.

3. Калька арқылы берілген халықаралық терминдер: *rhythm-ритм*. Калька арқылы берілген немесе белгілі бір тілдер негізінде жасалған халықаралық терминдер көптеп кездеседі. Халықаралық терминдер тілден-тілге енген кезде морфологиялық немесе фонологиялық өзгерістерге ұшырайды. Әдетте енген тілге сол тілдің үндестік заңдылықтарына сәйкестендіріліп алынады. Осы кезеңде халықаралық терминдердің онша ұзақ емес, енген тілге икемді болуы және дыбыстық үйлесімділігінің сай болуы көп рөл атқарады. Володина калька арқылы бір тілден бір тілге енген терминдерді «семантикалық халықаралық» (семантические интернационализмы) терминдер деп те атайды [7, 106].

Негізінен халықаралық терминдерді арнайы халықаралық терминдер қатарына жатқызамыз, өйткені лингвистика зерттейтін объектісі бар арнайы ғылымның күрделі саласы. Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де лингвистика саласында халықаралық терминдер мөлшері ұлттық тіл негізінде жасалған терминдер санынан артық. Ағылшын тілінде халықаралық терминдер лингвистика саласының шамамен 80-90% мөлшерін, ал қазақ тілінің 60-70% аралығын құрайды. Лингвистика саласындағы халықаралық терминдер негізінен түгел дерлік грек-латын морфемалары негізінде жасалған. Грек-латын элементтерінің өте

ерекше аглютинативті қасиетке ие болуы, оның терминологиялық ұғымдарын арнайы ғылым салаларында әртүрлі комбинацияларда беруге ыңғайлылығы бұл терминдердің халықаралық терминология аясында жетістіктерге қол жеткізуіне себеп болады [8, 122].

Халықаралық терминдер бір тілден бір тілге ену арқылы олардың тек қана құрылымы ғана емес, мағынасы да халықаралық танымға ие болуына ықпал етеді. Олардың мағыналары тіл мамандары үшін түсінікті, сондықтан лингвистика терминдерін құрылымдық-семантикалық тұрғыда уәжді терминдер қатарына жатқызуға әбден болады. Бірақ олардың бәрі бірдей терминжасамдық ұяда бағытталған терминдер деуге болмайды. М. Добровольскаяның пікірінше жаңа сөздер немесе терминдер ғылымдағы прогреске байланысты пайда болады, олар терминологиялық жүйелердегі XX ғасырдың өнертабыстарының типтік көрсеткіштері сияқты дерексіз түсінікті білдіреді [9].

Айтбайұлы Ө.А. пікірінше «*Бағытталған термин*» деп белгілі бір терминологиялық өрісте кем дегенде 5-6 терминде кездесетін, терминжасамдық ұя қалыптастыруға икемді, бастапқы мағынасын сақтай отырып, басқа терминдік тіркес құрауда уәжді терминді атаймыз [4]. Олардың арасында, біріншіден, халықаралық ортақтық, екіншіден, бірнеше халықтың халықаралық терминдері қатарынан орын алады. Үшінші кезекте, халықаралық терминдер ғылым мен техникадағы міндеттер мен идеяларды жүзеге асыруға қызмет етеді.

Халықаралық сөздер әр дамыған тілдік жүйенің бөлігі болып табылады және олардың қазіргі әлемде қолданылуы сөзсіз. Интернационализмге көзқарас бойынша халықаралық сөздер халықтың қабылдауына қатысты әрекет етуі керек, бұл халықаралық сөздер тілдің объективті қажеттіліктеріне сәйкес әрекет етуі керек және оларды отандық сөздермен алмастыру керек. Алайда, біз күнделікті өмірдің әр саласында халықаралық сөздердің қолданысының артып келе жатқанының куәсі болып отырмыз [11].

Қазақ және ағылшын терминологиясында өнімді термин қалыптастыруға бағытталған термин ретінде бірінші кезекті *logos*- ұғым алады. АТЛ мен ҚТЛ терминологиясында «*logos*» арқылы 58 күрделі термин, «*logics*»-«*логиканың*» өзін қосқанда 59 халықаралық термин қалыптасқан.

1) **logos** – *accentology, analogy, antrology, antropology, acceptology, aspectology, assirology, biological (linguistics), etymology, haplology, genealogical, glottology, glottochronology, gnosseology, grammarology, dactilology, deetyymology, dialectology, dialogy, Egyptology, ideology, Indology, intology, Celtology, chettology, cryptology, lexicology, logics, logogram, logophoric, methodology, monologue, morphology, morphonology, motivology, narratology, neologism, neurological (linguistics), onomosiology, onomatology, ontology, paleontology, pedagogics (linguistic), phonology, phenomenological, philology, phonomorphology, phraseology, physiology, psychology, polylogy, semasiology, semiology, semitology, tautology, teleological, terminology, textology, typology, Tirkology.*

2) Екінші кезекте: *онум – амау*. қазақ және ағылшын терминжасамында 38 термин қалыптастырған. Бұл терминнің қолданысы әртүрлі терминологиялық топтар атауларын белгілеуде: ономазиологияда өте өнімді қасиетке ие.

3) *graph-жазу* терминдер құрамында 19 термин қалыптастыруы терминжасамдық ұядағы бағыттылығы жағынан үшінші кезекте халықаралық терминдер қатарындағы қолданыстағы өнімді термин болып табылады.

4) *phone-дыбыс* термині фонетика саласында әртүрлі дыбыс бірліктеріне қатысты 15 терминде кездеседі.

5) терминдер құрамында мағына сөзіне қатысты терминдер түгелдей дерлік халықаралық терминдер *сема–мағына* үлгісімен жасалған. Біздің есептеуімізше, 14 терминде *сема-сема* қолданылуы терминнің бағыттаушы қасиетін арттыра түседі. Бұлардан басқа: *lexis-сөз, lingua- тіл, text-текст, morpheme-морфема, form-форма, chronus-уақыт, phrase-фраза т.б.* терминдерінің қатысуымен жасалған терминдер қазақ және ағылшын терминологиясында негізгі ұғымдарды білдіретін халықаралық терминдер қатарында көптеп кездеседі және бұл терминдерді де бағытталған терминдер қатарына қосуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ, ағылшын тілдеріндегі ортақ тілдік құбылыстар ретінде грек, латын тілдері негізіндегі аффикстерді анықтадық. Тек терминдер ғана емес, тілден-тілге ауысу кезінде терминдік элементтер де белгілі бір өзгерістерге (графикалық, грамматикалық, семантикалық, функциялық) ұшырау арқылы өріс табады.

Сондай-ақ ағылшын және қазақ тілдеріне ортақ терминдік символдарды ортақ тілдік құбылыстар қатарынан көре аламыз. Терминдік символдар белгілі бір тұжырымдардың қорытындысын, жіктелімін нақты әрі қысқа түрмен беруде ролі зор. Ғалымдар тіл білімде статистикалық мағлұматтар беруде соңғы кезде терминдік символдарды жиі қолданады. Интернационалдық терминдердің жай сөздермен берілген формаларында сөзжасамның деривациялық, префикстік, аффикстік модельдерімен берілген терминдердің негізгі тарихи-этимологиялық көздерін грек, латын сөздері құрайды.

Жасалуы жағынан халықаралық терминдерді 3 топқа бөлуге болады: 1) белгілі біл ұлттық тіл негізінде жасалған халықаралық терминдер; 2) грек-латын морфемалары негізінде жасалған хт-дер; 3) калька арқылы берілген халықаралық терминдер.

Бұл, біріншіден, халықаралық ортақтықтан болса, екіншіден, бірнеше халықтың халықаралық терминдері қатарынан орын алауынан. Үшінші кезекте, халықаралық терминдердің ғылым мен техникадағы міндеттер мен идеяларды жүзеге асыруға қызмет етуінен көрінеді. Осындай сөзжасамдық ұяға бағытталған халықаралық терминдерді аударудың қажеті жоқ деп есептейміз.

Тіл әрқашан қоғаммен бірге дамып, бірге өзгереді. Ешқандай тіл тұрақты болып қалмайды. Тіл терминдері де өзгереді, бірақ күнделікті қолданыстағы лексикаға қарағанда әлдеқайда тұрақты. Терминдер жан-жақты талдауды, зерттеуді қажет ететін күрделі тілдік құбылыс ретінде қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 2 Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.
- 3 Реформатский А.А. Что такое термин и терминология?// Вопросы терминологии. – М.: Наука, 1961. – С. 46-54.
- 4 Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі.- Алматы, 2007. – 159 б.
- 5 Айсұлтанова Қ.Ә. Қазақ тіліндегі терминжасамның ішкі көздері: филолог.ғ.к. диссерт-ы. – Алматы, 2003. – 124 б.
- 6 Қалиев Б. Жалпы тіл білімі. - Алматы, 2000. – 117 б.
- 7 Айтбайұлы Ә.А. Қазақ сөзі.- Алматы: Ғылым, 1997. - 240 б.
- 8 Құрманбайұлы Ш., Сапина С. Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі. –Алматы: Сөздік, 2004.- 350 б.
9. Dobrovolskaya M.G. The role of international words in development of erudition/ Russian linguistic Bulletin -№ 2 (22) 2020.
- 10 Loan Words Used in the Students“ Translation of English into Indonesian Bernieke Anggita Ristia Damanik//JETAFL (Journal of English Teaching as a Foreign Language) ISSN: 2459-9506-Publishing, June 2017.
- 11 Bernieke Anggita Ristia Damanik. Substitution of international words with domestic words in the macedonian standard language - (Journal of English Teaching as a Foreign Language) ISSN: 2459-9506 – September 2015.

Материал 15.09.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kaidar A. Topical issues of the Kazakh language. – Almaty: Mother tongue, 1998. – 304 p.
- 2 Kurmanbayevich Sh. Terminology. – Almaty: Atlas, 2006. – 244 p.
- 3 Reformatsky A.A. What is a term and terminology? // Questions of terminology. – М.: Nauka, 1961. – S. 46-54.
- 4 Isakova SS Kazakh terminology: lexical structure, methods of construction, pragmatic activity. – Almaty, 2007. – 159 p.
- 5 Aisultanova KA Internal sources of terminology in the Kazakh language: Ph.D. dissertation. – Almaty, 2003. – 124 p.
- 6 Kaliyev B. General linguistics. – Almaty, 2000. – 117 p.
- 7 Aitbayevich OA Kazakh word. – Almaty: Science, 1997. – 240 p.
- 8 Kurmanbayevich Sh., Sapina S. Russian-Kazakh, Kazakh-Russian dictionary of terms and names. – Almaty: Sozdik, 2004. – 350 p.
- 9 Dobrovolskaya M.G. The role of international words in development of erudition/ Russian linguistic Bulletin – № 2 (22) 2020.
- 10 Loan Words Used in the Students' Translation of English into Indonesian Bernieke Anggita Ristia Damanik//JETAFL (Journal of English Teaching as a Foreign Language) ISSN: 2459-9506- Publishing, June 2017.
- 11 Bernieke Anggita Ristia Damanik. Substitution of international words with domestic words in the macedonian standard language - (Journal of English Teaching as a Foreign Language) ISSN: 2459-9506- September 2015.

Международные термины греко-латинского происхождения в лингвистической терминологии

Г.Қ.Бекқожанова¹ А.Саденова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, 050038, Республика Казахстан

В статье рассматриваются функционирующие в лингвистической терминологии общиe международные термины греко-латинского происхождения. В лингвистической литературе большое внимание уделяется функционированию международных терминов как художественных средств. При этом особое внимание уделяется художественному составляющему международных терминов, придающих особую выразительность научному тексту. В статье освещены исторические, морфологические, словообразовательные уровни изучения двух языков посредством сравнительного анализа греческих, латинских терминов казахского и английского языков.

Материал поступил в редакцию журнала 15.09.2021

General international terms formulated from Greek, Latin words in linguistic terminology

G. Bekkozhanova¹, A. Sadenova¹

¹Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050038, Republic of Kazakhstan

The article deals with the common international terms that have developed in linguistic terminology, formulated from Greek and Latin words. In scientific texts, questions are considered concerning the functioning of international terms as artistic means. Together with the international name of a certain term, we are talking about the fact that, along with the use of its own equivalent, there is a special expressiveness and artistic imparting to the language. The use of terminological combinations using not only a certain terminal combination, but also its elements of international significance has transformed the language of science and its components. The article highlights the historical, morphological, word-formation levels of studying two languages through a comparative analysis of Greek, Latin terms of the Kazakh and English languages.